

«6D020600 – Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін іздену үшін ұсынылған Махмет Мұратханның «Ақыт Үлімжіұлының діни дүниетанымдық идеялары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына</p>	<p>Диссертация жұмысының тақырыбы еліміздегі ғылымның даму басымдықтарының ішінен – 7.Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге және арнайы мамандандырылған бағыттардың ішінен – 7.2 Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулерге жатады.</p> <p>«6D020600-Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін мемлекет бюджетінен қаржыландырылған докторантуралық аясында өзірленген диссертация жұмысы. Диссертация накты мемлекеттік бағдарлама аясында орындалмаған. Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен еліміздегі ғылым дамуының 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер басымдығына сай келеді.</p>

		сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	
2	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Зерттеу жұмысы қазіргі таңдағы дінтану ғылымына өзіндік үлесін қосады. Әйткені, Ақыттың діни көзқарасы зерттелмеген тақырып болып есептеледі. Осы кезге дейін ақын мұрасы филологтар, әдебиеттанушылар тарапынан зерттеліп келеді. Сондыктан, ақынға діни тұлға ретінде сипаттама беру дінтану ғылымының басты мәселесі. Ақынның ислам дінінің ұстанымдарын насиҳаттап, дұрыс жолды көрсеткен өлең-толғаулары мен туындыларына алғаш рет Құран аяттары және Пайғамбар хадистерімен салыстырыла талдау жасалынған. Сол себепті, зерттеу жұмысы нәтижелерінің ғылым үшін маңыздылығы өте жоғары.
3	Өзі жазу принципі	Озі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаган.	Диссертация жұмысының өзі жазу деңгейі жоғары деп айтуға болады. Ғылыми еңбектен автордың өзіндік баяндау стилі бар екені анық байқалады. Диссертация тақырыбы бойынша жарияланған ғылыми мақалалар мен диссертация жұмысы бір қолдан шыққан, біртұтас жұмыс екені көрініп түр.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация тақырыбының өзектілігі нақты сипатталған. Бұл ойшыл Ақыт Үлімжіұлының діни дүниетанымын жан-жақты зерттеуде айқындалады. Зерттеу жұмысында Ақыттың діни дүниетанымдық идеялары, ақын шығармаларындағы діни, мәдени және әлеуметтік ұстанымдар, сондай-ақ, Ақыт шығармаларының қазақ қоғамындағы орны мен рөлі кешенді қарастырылады. А. Үлімжіұлының шығармашылық мұрасының мәні мен қазіргі қоғамдағы маңызы анықталады. Зерттеу барысында Ақыттың діни көзқарастарының қазақ халқының

		рухани, мәдени және әлеуметтік өміріндегі рөлін, сондай-ақ, оның басқа ойшылдармен сабактастығына талдау жасалады.
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды: 1) айқындауды; 2) ішінара айқындауды; 3) айқындаамайды.	Диссертацияның мазмұны диссертацияның тақырыбын толық айқындауды, диссертацияның әр тарауында зерттеулердің дәйекті жүйесі мен байланысты тұжырымдар арқылы Ақыт қажының діни дүниетанымын зерттеу тақырыбы ашылады. Диссертация мазмұны зерттеу тақырыбының мәнін ашып, қазақ қоғамындағы дәстүрлі исламның өзіндік сипаттарын талдайды. Зерттеуде Қытайдағы қазақ қоғамының қалыптасуы, өнірге исламның таралуы, сондай-ақ аталған діни, саяси жағдайлардың Ақыт дүниетанымына әсері жан-жақты қарастырылған, бұл диссертацияның тақырыбын толықтай айқындауды.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертацияның мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына толықтай сәйкес келеді, өйткені олар Ақыт Үлімжіұлының діни дүниетанымдық идеяларын кешенді зерттеуге, Ақыттың діни көзқарасының дәстүрлі ислам құндылықтарымен сәйкестігін анықтауға, сондай-ақ қазақ даласындағы өзге ойшылдармен рухани сабактастығын зерделеуге бағытталған. Мақсатқа жету дәйекті міндеттерді диссертацияның мазмұнында орындау арқылы қамтамасыз етіледі.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертациялық жұмыс 3 тараудан, тоғыз бөлімшеден тұрады. Бірінші тарауда Ақыт Үлімжіұлы діни дүниетанымының қалыптасуындағы әлеуметтік-тарихи алғышарттар қарастырылады. Екінші тарауда Ақыт шығармашылығындағы теологиялық және этикалық көзқарастарға теориялық талдау жасалған

		және сараптама берілген. Соңғы тарауда Ақыт Үлімжіұлы шығармаларының қазіргі таңдағы өзектілігі мен қолданбалы құндылығы ашылады. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышында логикалық байланыс толық сақталған, бірін бірі ашып, толықтап отырады.
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Диссертация жазу кезінде автор ұсынған ғылыми жаңалықтар жеткілікті дәйектеліп, оған дейінгі ғылыми шешімдермен салыстырмалы түрде талданып, өзіндік ғылыми бағыт, өзіндік көзқарас нақтыланып көрсетілген. Жалпы дінтану ғылымына қатысты шетелдік және отандық ғалымдардың көзқарастарын салыстырумен ғана шектелмей, олардың тұжырымдарының практикалық мәнінің аздығын атап өтеді, олардың жүзеге аспау себептерінің нақты көрсету арқылы сынни тұжырымдар береді.
	1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінara жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	
5	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінara жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыста ұсынылған ғылыми нәтижелерге толығымен жаңа деп баға берілді. Бұның себебі бұл жұмыс Ақыт қажы Үлімжіұлының діни дүниетанымы бойынша жасалынған алғашқы дінтанулық кешенді зерттеу жұмысы болып табылады. Зерттеу жұмысында Ақыт Үлімжіұлы діни дүниетанымының қалыптасуына ықпал еткен әлеуметтік, саяси және діни факторлар талданып, сараланған. Оның шығармаларындағы діни-этикалық ойлардың ұлттық және мәдени негіздері анықталған, Сол арқылы Ақыт енбектерінің қазақ халқының рухани мұрасындағы орны мен маңызы айқындалған.
	5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Жұмыстың ғылыми нәтижелер мен қағидаттары толығымен жаңа болып саналады. Ізденуші жұмыс

		<p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p> <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>барысындағы туындаған мәселелерде өзінің алдындағы зерттеушілердің ойларына салыстыра отырып, дінтанулық тұрғыдан өзінше қорытындылауға ден қояды. Сондықтан, жұмыстың ғылыми нәтижесі толығымен жаңа деп бағалауға болады.</p> <p>Диссертация жұмысының тақырыбы әлеуметтік гуманитарлық ғылым бағытында орындалған. Техникалық, технологиялық, экономикалық салаларға тікелей қатысы жоқ, сондықтан толық жаңа деп есептеуге болады. Ізденушінің ғылыми нәтижелері мен қорытындыларында еліміздегі дін саласындағы уәкілетті орган қызметкерлеріне діни саланы реттеу барысында ақпараттық, нұсқаулық материалдар ретінде қолданылуына жарамды. Диссертацияның мазмұнындағы теориялық негіздер дінтануға қатысты әртүрлі зерттеулерде ғылыми білім ресурсы ретінде қажеттігі жұмыстың қолданбалы маңызын дәлелдейді.</p>
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертация жұмысының әр тарауынының аяғында қомақты қорытындылар жасалған және тараушалардың бөлімдеріннің сонында да талдаулар негізінде ғылыми тұжырымдар берілген. Барлық қорытындылардың ғылыми дәлелдері жеткілікті негізделген.
7	Корғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұраптарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p>	<p>7.1 Диссертация жұмысында зерттеуші айқындаған әр қағидат жеткілікті деңгейде дәлелденген.</p> <p>7.2 Әр қағидат тривиалды емес саналады. Ізденуші қағидаттарды ерекше өзіндік тәсілмен, жан-жақты қарастырып, ұсынған.</p>

	3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	7.3 Барынша жаңа. Автордың тақырыпқа қатысты ұсынған барлық қағидаттары бұрын ғылымда зерттелмеген мәселелерге арналған. Сондықтан да жұмыс нәтижелері жаңалығымен ерекшеленеді. Ақыт Үлімжіұлының діни дүниетанымының, діни-этикалық ойларының қазіргі қоғам үшін маңыздылығы, оның қазақ халқының рухани жанғыруына қосар үлесі ғылыми түрфіда талданған. Оның көзқарастарының заманауи діни, мәдени және әлеуметтік мәселелерді шешудегі ықтимал қолдану аясы анықталған.
	7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ;	7.4 Қолдану деңгейі кең. Диссертацияның ғылыми нәтижелерін әлеуметтік-гуманитарлық ғылым саласында, дін саласындағы уәкілетті орган қызыметкерлеріне діни саланы реттеу барысында ақпараттық, нұсқаулық материалдар ретінде қолданылады. Диссертацияның мазмұнындағы теориялық негіздер, дінтанды және исламтану саласында студенттердің, магистранттардың, докторанттардың қазақ қоғамындағы дәстүрлі ислам феноменін зерттеуге қатысты фундаменталды білімін кеңейту мақсатында лекциялық курстарға теориялық материалдар ретінде қолдануға болады.
	3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.	7.5 Диссертацияда көрсетілген қағидаттар талапқа сәйкес ғылыми жарияланымдар ауқымында дәлелденген.
	7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ;	
	3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	
	7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
	7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	

	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Иә, негізделген және нақты жазылған. Диссертацияның артықшылығы - әртүрлілік, зерттеу үшін таңдалған әдістердің орындылығы. Барлық қолданылатын әдістер жеткілікті егжей-тегжейлі сипатталған. Қолданылған тәсілдер, олардың зерттеу үшін маңыздылығы толыққанды көрсетілген.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) ия; 2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертация жұмысының нәтижелерінің компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің заманауи әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынғаны байқалады.
		1) ия; 2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және зандылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Диссертацияда автордың теориялық және практикалық тұжырымдары мен ұсыныстарының нақты расталуы зерттеудің ғылыми жаңалығын сипаттайтын бөлімде көрсетілген. Диссертациялық жұмыс Ақыт Үлімжіұлының діни дүниетанымын кешенді зерттеу болып табылады, ал автордың тұжырымдары мен ұсыныстары егжей-тегжейлі талдауға негізделген және Ақыттың рухани әлемін зерттеуге қызмет етеді. Теориялық қорытындылар мен анықталған өзара байланыстар ғылыми зерттеулер арқылы дәлелденіп, расталған.
		1) ия;	
		2) жоқ.	

		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Диссертацияда шетелдік және отандық авторлардың еңбектері кеңінен қолданылған. Жалпы жұмыста айтылған әр мәселе бойынша ғалымдар мен авторларға сілтеме берілген және де олардың барлығы мазмұндарына сәйкес нақтыланған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Жұмыста 179 ғылыми әдебиетке сілтеме жасалған. Барлық еңбек тақырыпта көтерілген мәселелерге қатысты. Ізденуші тақырыптың зерттелу деңгейін әр сала бойынша толық негізделген.
9 Практикалық құндылық қағидаты		9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертацияның теориялық маңызын жоғары деп бағалаймын. Өйткені, зерттеу жұмысында өңірлік қазақ жазба әдебиетінің негізін салушылардың бірі, дін және қоғам қайраткері, діни ағартушы, ақын, философ Ақыт Үлімжұлының діни дүниетанымдық идеяларына туңғыш рет дінтанулық кешенді талдау жасалынған.
		1) бар;	
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Зерттеу жұмысында алынған нәтижелер дінтанулық түрғыда әлі қүнге дейін толық зерттелмеген Ақыт Үлімжұлының діни дүниетанымдық ұстанымдарын, философиялық жүйесін зерттеуге қажетті ғылыми әдебиет ретінде ұсынуға болады. Зерттеу нәтижелері қазақ халқының сол кезеңдегі діни мәдени жағдайы мен саяси, әлеуметтік ахуалына қатысты зерттеулерге өз үлесін қоса алады. Сонымен қатар, қазақ әдебиетінің жаңа тарихын жазуда көмекші құрал ретінде пайдалануға болады.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Диссертациялық жұмыстағы практикалық ұсыныстарды толығымен жаңа деуге болады. Атап айтқанда, диссертацияның авторы Ақыттың діни шығармаларын өзге қазақ ойшылдарының еңбектерімен салыстыра отырып, қазақ халқының дәстүрлі діни құндылықтарына кешенді баға беріледі.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан	

		кем).	
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Ізденуші тараулардың өзара байланысын, жүйелілігі мен бірізділігін сақтай отырып, академиялық жазу сапасының жоғары екенін байқатады.
11	Диссертацияга ескертулер		<p>Диссертацияның жоғары ғылыми деңгейін және автордың ұсынған қағидаларының маңыздылығын атап өткім келеді. Бұл жұмыс жаңа ғылыми талқылаулар мен тұжырымдарға жол ашатынын көрсетеді. Осы орайда, пікірталастарға негіз болатын келесі ұсыныстарды атап өтуді жөн деп санаймын:</p> <ol style="list-style-type: none"> Зерттеу жұмысында аздаған орфографиялық қателіктер кездеседі; Ақыт Үлімжіұлы еңбектерінің баспа бетінен жарық көрген уақыттары туралы нақты әрі терең зерттеу жүргізіліп, бірізділендіруді қолға алу керек. <p>Бұл ескертпелер диссертациялық жұмыстың ғылымимаңызына, мазмұндық сипатына нұқсан келтірмейді деп есептеймін. Тек ғылыми еңбек сапасын арттыра түсуге септігін тигізер деген мақсаттағы ұсыныс.</p>
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін		<p>Зерттеу нәтижелері бойынша 13 ғылыми мақала жарияланған. Соның ішінде Web of Science Core Collection деректер қорына енетін жарияланымда 1 мақала, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда 5 мақала, отандық және шетелдк конференцияларда 7 мақала жарық көрген.</p>

	зерделейді)		Жарияланған мақалалары диссертациялық зерттеудің мазмұнына сәйкес келеді және жоғары ғылыми деңгейде жазылған. Жарияланған мақалаларда зерттеу нәтижелері мен қорытындылары жан-жақтылық қамтылған.
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		«6D020600-Дінттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Махмет Мұратханның «Ақыт Улімжіұлының діни дуниетанымдық идеялары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы өзекті тақырыбы, айқын мақсат-міндеттері, ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңызы дәйекті зерттеу нәтижелерімен ғылыми жұмыс талаптарына сәйкес келеді. Осыны негізге ала отырып, Махмет Мұратхан «6D020600-Дінттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға әбден лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент:

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының профессоры

Филология ғылымдарының докторы



З.Н. Сейтжанов

